



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ
МӘЖІЛІСІНІҢ ЖӘНЕ МӘСЛИХАТТАРЫНЫҢ
ДЕПУТАТТАРЫН САЙЛАУ ЖӨНІНДЕ АУМАҚТЫҚ
САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ МҮШЕСІНЕ
ЖАДНАМА**

**ПАМЯТКА
ЧЛЕНУ ТЕРРИТОРИАЛЬНОЙ ИЗБИРАТЕЛЬНОЙ
КОМИССИИ ПО ВЫБОРАМ ДЕПУТАТОВ
МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА И МАСЛИХАТОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

Астана 2007

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ
МӘЖІЛІСІНІҢ ЖӘНЕ МӘСЛИХАТТАРЫНЫҢ
ДЕПУТАТТАРЫН САЙЛАУ ЖӨНІНДЕ АУМАҚТЫҚ
САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ МҮШЕСІНЕ
ЖАДНАМА**

2007 жылы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің және мәслихаттары депутаттарының сайлауы өтеді.

Парламент Мәжілісінің 98 депутаты бара-бар сайлау жүйесі бойынша партиялық тізімдер негізінде сайланады.

Парламент Мәжілісінің 9 депутатын Қазақстан халқы Ассамблеясы сайлайды.

Облыстық, қалалық, аудандық мәслихаттардың депутаттары бір мандатты аумақтық сайлау округтері бойынша сайланады.

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының (бұдан әрі – Сайлау туралы заң) 13-бабына сәйкес облыстық (республикалық маңызы бар қалалар және Республика астанасы), аудандық, қалалық, қаладағы аудандық сайлау комиссиялары аумақтық сайлау комиссиялары (бұдан әрі – аумақтық сайлау комиссиялары) болып табылады.

Аумақтық сайлау комиссиялары Парламент Мәжілісі мен мәслихаттардың депутаттарын сайлауды ұйымдастыру мен өткізуді қамтамасыз етеді.

Аумақтық сайлау комиссияларының мәртебесі мен өкілеттіктері Сайлау туралы заңда айқындалады.

Аумақтық сайлау комиссияларын қалыптастыру тәртібі Сайлау туралы заңның Жалпы бөлімінің 2-тарауында айқындалады.

Аумақтық сайлау комиссияларының құрамы сайлау тағайындалғаннан кейін он күннен кешіктірілмей бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады (Сайлау туралы заңның 13-б.).

Аумақтық сайлау комиссиясының өкілеттіктері

Тиісті аумақтық сайлау комиссиясы:

- 1) әкімшілік-аумақтық бөліністер аумағында сайлау туралы заңдардың атқарылуына бақылауды жүзеге асырады;

- 2) Парламент Мәжілісінің және мәслихаттардың депутаттарын сайлауды әзірлеу мен өткізуді қамтамасыз етеді;
- 3) партиялық тізімдерін ұсынған саяси партиялардың сенім білдірген адамдарын тіркейді, оларға тиісті куәліктер береді;
- 4) төменгі тұрған аумақтық, округтік және учаскелік сайлау комиссияларының қызметіне басшылық етеді; олардың шешімдерінің күшін жоюды және тоқтата тұрады; республикалық бюджеттің сайлау науқанын өткізуге арнап бөлінген қаражатын олардың арасында бөледі; округтік және учаскелік сайлау комиссияларының қызметіне қажетті материалдық-техникалық жағдайлар жасалуын бақылайды; округтік және учаскелік сайлау комиссияларының шешімдері мен іс-әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) түскен арыздар мен шағымдарды қарайды; тиісті әкімшілік-аумақтық бөлініс шегінде құрылған барлық сайлау комиссияларының Ортсайлаукомның шешімдерін атқаруын ұйымдастырады; Сайлау туралы заңның бұзылуына жол берген сайлау комиссияларының қызметін тоқтату туралы сайлау комиссиясын құратын органға немесе сотқа жүгінеді;
- 5) сайлауды әзірлеу мен өткізуге байланысты мәселелер бойынша сайлау комиссияларының, мемлекеттік органдар мен ұйымдардың есебін, сондай-ақ сайлау туралы заңдардың сақталуы мәселелері бойынша қоғамдық бірлестіктер органдарының хабарламасын тыңдауға хақылы;
- 6) мәслихаттар депутаттарын сайлау жөнінде сайлау округтерін құрады және олардың тізімдерін жариялайды, сайлау комиссияларының орналасқан жері туралы сайлаушыларға хабарлайды;
- 7) дауыс беруге арналған учаскелердің бірыңғай нөмірленуін белгілейді;
- 8) округтік сайлау комиссияларынан тиісті мәслихаттың депутаттығына кандидаттарды тіркеу туралы хаттамаларды алады және округтік сайлау комиссияларының тіркелген кандидаттардың тізімдерін жариялауын қамтамасыз етеді;
- 9) мәслихаттар депутаттарын сайлаудың қорытындыларын шығарады, сайланған депутаттарды тіркейді және бұл туралы бұқаралық ақпарат құралдарында хабар жариялайды; Орталық сайлау комиссиясының ресми web-сайтында жариялау үшін тиісті сайлау округтері мен учаскелері бойынша дауыстарды санау хаттамаларын Ортсайлаукомға береді;
- 10) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады (14-бап).

Аумақтық сайлау комиссиясының қызметі

Сайлау комиссияларының қызметі алқалылық, жариялылық және ашықтық негізінде жүзеге асырылады.

Сайлау науқанын әзірлеу мен өткізу кезеңінде комиссиялардың отырыстары екі аптада кемінде бір рет өткізіледі. Өзге уақытта комиссиялар өздерінің отырыстарын қажетіне қарай комиссия төрағасының немесе мүшелерінің кемінде үштен бірінің бастамашылығымен өткізеді.

Егер сайлау комиссияларының отырыстарына комиссия мүшелері жалпы санының кемінде үштен екісі қатысса, олар заңды болады.

Комиссиялардың шешімдері, Сайлау туралы заңда белгіленгеннен өзге жағдайларда олардың мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен ашық дауыс беру арқылы қабылданады. Сайлау комиссиясының оның шешімімен келіспейтін мүшелері ерекше пікірін айтуға құқылы, ол дереу жоғары тұрған сайлау комиссиясының назарына жеткізіледі және комиссия отырысының хаттамасына жазбаша түрде тіркеледі.

Сайлау комиссиялары жалпыға қолжетімді телекоммуникациялық желілерде орналастырылатын, ал Сайлау туралы заңмен көзделген жағдайларда өзгедей жолмен жариялауға жататын өз шешімдерімен барлық адамдардың еркін танысуы үшін жағдай жасайды.

Сайлау комиссиясының отырыстарына кандидаттар, сенім білдірілген адамдар, Қазақстан Республикасы саяси партияларының, өзге де қоғамдық бірлестіктерінің, коммерциялық емес ұйымдарының байқаушылары, қызметтік куәлігі мен редакцияның тапсырмасы болған кезде бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатыса алады.

Мәслихаттардың депутаттығына кандидаттар, партиялық тізімдерін ұсынған саяси партиялар оларға қатысты мәселелер қаралатын кезде тиісті сайлау комиссияларының отырыстары мен күн тәртібі туралы алдын ала хабардар етіледі.

Сайлау комиссиясының үй-жайында сайлау процесіне қатысы жоқ бөгде адамдардың болуына тыйым салынады.

Сайлау туралы заңмен берілген сенім білдірілген адамдардың, байқаушылардың, бұқаралық ақпарат құралдарының құқықтарын ешкім шектей алмайды.

Қазақстан Республикасының саяси партиялары, өзге де қоғамдық бірлестіктері, коммерциялық емес ұйымдары байқаушысының өкілеттіктері оның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіліп, жазбаша нысанда куәландырылуға тиіс. Бұл құжат байқаушыны жіберген ұйымның мөрімен расталады және ол байқаушының жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде жарамды болады.

Шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың байқаушылары Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің ұсынуы бойынша

Ортсайлаукомның жанында аккредиттеледі. Шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың аккредиттелген байқаушыларына Ортсайлауком белгілеген үлгідегі куәлік беріледі.

Байқаушылар Қазақстан Республикасының заңнамасын немесе халықаралық құқықтың жалпыжұрт таныған нормаларын бұзған жағдайда, тиісті сайлау комиссиясы Ортсайлаукомға шет мемлекет, халықаралық ұйым байқаушысының аккредиттелуін кері қайтарып алу туралы ұсыныс енгізуге құқылы.

Шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі берген аккредиттеу куәлігі болған кезде сайлау учаскелеріне кіруге құқылы.

Сайлау комиссияларының құрамында өкілі жоқ саяси партиялар сайлау науқанын әзірлеу мен өткізу кезеңіне кеңесші дауыс құқығын бере отырып өз өкілін тиісті сайлау комиссиясына жіберуге құқылы.

Саяси партияның кеңесші дауыс құқығы бар өкілі сайлау комиссиясының отырысында сөз сөйлеуге, сайлау комиссиясының құзыретіне кіретін мәселелер бойынша ұсыныстар енгізуге құқылы, сайлау комиссиясының әрекетіне (әрекетсіздігіне) жоғары тұрған сайлау комиссиясына немесе сотқа шағым жасауға құқылы.

Егер Сайлау туралы заңда шағым жасаудың өзге мерзімдері белгіленбесе, сайлау комиссиясының шешімдері мен іс-әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шешім қабылданған немесе іс-әрекет (әрекетсіздік) жасалған күннен бастап он күннің ішінде жоғары тұрған сайлау комиссиясына немесе сотқа шағым жасалуы мүмкін. Көрсетілген мерзімдер өткеннен соң сайлау комиссиясының шешіміне немесе іс-әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) берілген өтініш қарауға жатпайды.

Өтініштер сайлау комиссиясы мен сотта бір мезгілде қаралған кезде, сайлау комиссиясы сот шешімі күшіне енгенге дейін өтінішті қарауды тоқтата тұрады.

Сайлаушылардың тізімдерін жасау

Нақтылы сайлау учаскесінде азаматты сайлаушылар тізіміне енгізу үшін оның осы сайлау учаскесінің аумағында тұрғылықты жері бойынша тіркелу фактісі негіз болады.

Сайлаушылардың тұрғылықты жері бойынша тізімін тиісті жергілікті атқарушы орган халықты есепке алуды жүзеге асыратын органдар ұсынған мәліметтердің негізінде жасайды.

Әрбір сайлаушы сайлау жарияланған немесе тағайындалған кезден бастап тиісті әкімдікте сайлаушы ретінде тіркелуге құқылы.

Егер сайлаушыға сайлаудан кемінде отыз күн бұрын сайлау күні өзінің тіркелген орны бойынша дауыс беруге арналған үй-жайға келу мүмкіндігі болмайтыны белгілі болса, оның өзінің болатын жері бойынша әкімдікке

өзін тиісті сайлаушылар тізіміне енгізу жөнінде жазбаша өтініш беруге құқығы бар.

Дауыстарды санау басталғаннан кейін сайлаушылар тізімдеріне өзгерістер енгізуге тыйым салынады.

Әрбір сайлау учаскесі бойынша сайлаушылардың тізіміне тиісті әкім қол қояды және ол дауыс беру басталардан жиырма күн бұрын тиісті сайлау комиссиясына акт бойынша тапсырылады.

Азаматтардың тұрғылықты жері бойынша құрылған сайлау учаскелеріндегі сайлаушылар тізімдерін дауыс беретін күнге он бес күн қалғанда тиісті сайлау комиссиялары танысу үшін сайлаушыларға береді.

Жалпы жұрттың танысуы үшін сайлаушылар тізімдерін ұсыну мен сайлау күні арасындағы кезеңде сайлаушы өзінің болу орнын ауыстырған кезде учаскелік сайлау комиссиясы сайлаушының өтініші бойынша және ол жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде сайлаушыға дауыс беру құқығын беретін есептен шығару куәлігін табыс етеді. Бұл ретте сайлаушылар тізіміне тиісті белгі қойылады. Дауыс беру құқығын беретін есептен шығару куәлігін көрсеткен кезде учаскелік сайлау комиссиясы дауыс беретін күні сайлаушыны оның келген орны бойынша сайлау учаскесіндегі сайлаушылар тізіміне енгізеді.

Дауыс беру құқығын беретін есептен шығару куәліктерін облыстық, Астана және Алматы қалалық сайлау комиссиялары тиісті облыстардағы, Астана және Алматы қалаларындағы сайлаушылар тізімдеріне енгізілген сайлаушылардың жалпы санының 1 проценті резервімен дайындайды және оларды дауыс беру күніне дейінгі отыз күннен кешіктірмей, аудандық, қалалық, қаладағы аудандық сайлау комиссияларына акт бойынша тапсырады.

Аудандық, қалалық, қаладағы аудандық сайлау комиссиялары дауыс беру құқығын беретін есептен шығару куәліктерін дауыс беру күніне дейінгі он алты күннен кешіктірмей учаскелік сайлау комиссияларына жеткізуді және акт бойынша беруді қамтамасыз етеді.

Есептен шығару куәлігі бір елді мекеннің шегіндегі басқа сайлау округінде немесе басқа сайлау учаскесінде дауыс беруге қатысқысы келетін сайлаушыларға берілмейді.

Есептен шығару куәліктерін беру дауыс беретін күннің алдындағы күні жергілікті уақыт бойынша сағат он сегізде тоқтатылады.

Есептен шығару куәліктерін дайындау мен беру тәртібін Ортсайлауком айқындайды.

Парламент Мәжілісі депутаттарының сайлауы

Мәжілістің тоқсан сегіз депутатын сайлау жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру жағдайында партиялық

тізімдермен өткізіледі. Саяси партиялардың партиялық тізімдерін ұсыну, тіркеу рәсімдерін қамтамасыз етуді Ортсайлауком жүзеге асырады.

Мәжілістің Қазақстан халқы Ассамблеясы сайлайтын тоғыз депутатының сайлауын бір жерде – Астана немесе Алматы қаласында тиісті қалалық сайлау комиссиясы өткізеді.

Парламент Мәжілісі депутаттарын ұсыну және тіркеу

Партиялық тізімдер бойынша сайланатын Мәжіліс депутаттығына кандидаттарды ұсыну құқығы – белгіленген тәртіппен тіркелген саяси партияларға, ал Қазақстан халқы Ассамблеясы сайлайтын Мәжіліс депутаттығына кандидаттарға қатысты Ассамблея кеңесіне тиесілі.

Саяси партиялар ұсынған партиялық тізімдер мен Қазақстан халқы Ассамблеясы ұсынған кандидаттарды тіркеуді Ортсайлауком жүзеге асырады.

Мәслихаттар депутаттарының сайлауы

1. Мәслихаттар депутаттығына кандидаттарды ұсыну

Сайлау тағайындалған кезде өзгеше белгіленбесе, депутаттыққа кандидаттар ұсыну, сайлау күнінен екі ай бұрын басталып, сайлау күніне бір ай қалғанда аяқталады (103-бап 6-т.).

Мәслихаттар депутаттығына кандидаттар ұсынуды белгіленген тәртіп бойынша тіркелген республикалық немесе жергілікті қоғамдық бірлестіктер, сондай-ақ олардың құрылымдық бөлімшелері және өзін-өзі ұсыну жолымен азаматтар жүзеге асырады (103-бап 1-т.).

Егер кандидаттарды тіркеу мерзімі аяқталған күні тиісті сайлау округі бойынша мәслихат депутаттығына екіден кем кандидат тіркелген жағдайда, аумақтық сайлау комиссиясы тиісті округтік сайлау комиссиясының ұсынуы бойынша кандидаттар ұсыну мерзімін жиырма күннен аспайтын мерзімге ұзартады (103-бап 7-т.).

Округтік сайлау комиссиясы үш күн ішінде кандидаттың Конституция мен Сайлау туралы заңда өзіне қойылған талаптарға сәйкестігін анықтайды (103-бап 8-т.).

2. Мәслихаттар депутаттығына кандидаттарды тіркеу

Мәслихат депутаттығына кандидатты тіркеу, егер сайлауды тағайындау кезінде өзгеше белгіленбесе, сайлау күнінен екі ай бұрын басталып, сайлау күніне жиырма бес күн қалғанда аяқталады (104-бап 8-т.).

Мәслихаттар депутаттығына кандидаттарды тіркеуді округтік сайлау комиссиялары жүзеге асырады.

Тіркеуге мәслихат депутаттығына кандидаттардың кез келген саны ұсынылады (104-бап 4-т.).

Мәслихат депутаттығына кандидаттар тіркеу туралы округтік сайлау комиссиясы хаттама жасайды, ол бес күн мерзім ішінде тиісті аумақтық сайлау комиссиясына табыс етіледі (104-бап 5-т.).

Мәслихат депутаттығына кандидат тіркелгенге дейін және оның Конституция мен Сайлау туралы заңда қойылатын талаптарға сәйкестігі тексерілгеннен кейін Ортсайлаукомның шотына депозит ретінде заңнамада белгіленген ең төменгі жалақының бес еселенген мөлшерінде сайлау жарнасын енгізеді.

Сайлау комиссияларының сайлау іс-шараларын қаржыландыруы

Парламент Мәжілісінің және мәслихаттардың депутаттарын сайлау кезіндегі сайлау іс-шараларын қаржыландыруды Ортсайлауком жүзеге асырады.

Аумақтық сайлау комиссияларының төрағалары ақшалай қаражатқа иелік етеді және қаржы құжаттарының сайлау комиссияларының қаржы мәселелері жөніндегі шешімдеріне сай келуі үшін жауап береді (35-бап).

Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган сайлауларды қаржыландыру үшін шоттарды ашқаннан кейін Ортсайлауком сайлауларды қаржыландыру үшін ашылған шоттардың нөмірі мен күні туралы әрбір аумақтық сайлау комиссиясына жазбаша хабар береді. Сайлауларды қаржыландыру үшін шот бойынша операциялар жүргізу үшін аумақтық сайлау комиссиясы аумақтық қазынашылық органына сайлау комиссиясының төрағасын тағайындау туралы мәслихат шешімінің көшірмесі мен нотариалдандырылған қолдар мен мөр бедерінің үлгілері бар құжатты береді.

Сайлау өткізуге арналған бюджет қаражатын жұмсау республикалық бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын операцияларды есепке алу үшін ашылған жергілікті атқарушы органдардың қолма-қол ақшаны бақылау шотынан жүргізіледі. Жергілікті атқарушы органдар тиісті сайлау комиссиясының төрағаларына азаматтық-құқықтық мәмілелер жасауға және төлемдерді жүзеге асыруға берілген рұқсаттарды жеткізеді. Тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) жеткізуге арналған шарттарды Сайлау туралы заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің жергілікті атқарушы органдарына берілген рұқсаттар шеңберінде тиісті сайлау комиссиясының төрағалары ақша алушылармен жасайды.

Бірінші қол қою құқығы аумақтық сайлау комиссиясының төрағасына беріледі. Екінші қол қою құқығы тиісті аппарат әкімінің бас бухгалтеріне (қаржы қызметінің басшысына) тиесілі.

Аумақтық сайлау комиссиясы төрағасының қаражатты жұмсауға арналған өкілеттік мерзімі қаржы жылының соңына келген жағдайда, сайлау бойынша төлемдер жүргізу Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының қаулысымен бекітілген мерзімде және қазынашылық бөлімшелермен қаржы жылы аяқталған соң ҚБЕО төлем жүйесінің жұмысын ұйымдастыру үшін белгіленген мерзімде жүзеге асырылады.

Жергілікті атқарушы органның қолма-қол ақшаны бақылау шотынан қаражатты жұмсау аумақтық сайлау комиссиясы төрағасының шешімі бойынша жүргізіледі.

Есеп берілетін соманың пайдаланылмаған қалдығын аумақтық сайлау комиссиясының төрағалары сайлау аяқталғаннан кейін үш күндік мерзімде шығыстардың экономикалық сыныптамасының тиісті ерекшеліктері бойынша жергілікті атқарушы органның қолма-қол ақшаны бақылау шотына есептеу үшін әкім аппаратының кассасына тапсырады.

Сайлау алдындағы үгіт

Сайлау алдындағы үгіт кандидаттар тіркелген мерзімі аяқталған кезден басталып, сайлау болатын күннің алдындағы күнгі жергілікті уақыт бойынша нөл сағатта аяқталады. Қайтадан дауыс беруді өткізген кезде сайлау алдындағы үгіт қайтадан дауыс беру күні тағайындалған күннен басталып, сайлау болатын күннің алдындағы күнгі жергілікті уақыт бойынша нөл сағатта аяқталады (27-баптың 2-тармағы).

Сайлау болатын күні және оның қарсаңындағы күні кез келген үгітке тыйым салынады (32-баптың 1-тармағы).

Сайлау алдындағы үгіт - сайлаушылардың Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттарының сайлауына партиялық тізімін ұсынған белгілі бір саяси партияны немесе белгілі бір мәслихат депутаттығына кандидатты жақтап немесе қарсы дауыс беруге қатысуына түрткі болу мақсатындағы қызмет.

Шетелдіктердің, азаматтығы жоқ адамдардың, шетелдік заңды тұлғалардың және халықаралық ұйымдардың кандидаттарды, партиялық тізімдерін ұсынған саяси партияларды ұсынуға және сайлауға, сайлауда белгілі бір нәтижеге қол жеткізуге кедергі болатын және (немесе) демеп жіберетін қызметті жүзеге асыруына тыйым салынады (27-б. 1-т.).

Сайлау алдындағы үгіт:

- 1) бұқаралық ақпарат құралдары арқылы;
- 2) сайлау алдындағы жария іс-шараларды (сайлау алдындағы жиналыстарды және сайлаушылармен кездесулерді, сайлау алдындағы

жария пікір таластар мен пікір алысуларды, митингілерді, шерулерді, демонстрацияларды және заңнамада белгіленген тәртіппен және Сайлау туралы заңда тыйым салынбаған өзге де сайлау алдындағы іс-шараларды), сондай-ақ партиялық тізім ұсынған саяси партияның партиялық тізіміне енгізілген кандидаттардың, саяси партияның сенім білдірген адамының, мәслихат депутаттығына кандидаттың және оның сенім білдірген адамдарының сайлаушылармен жеке кездесулерін өткізу жолымен;

- 3) баспа, дыбыс-бейне және өзге де үгіт материалдарын шығару және (немесе) тарату жолымен жүзеге асырылады (27-б. 3-т.).

Мыналарға:

- 1) мемлекеттік органдарға, жергілікті өзін-өзі басқару органдарына, сондай-ақ қызметтік міндеттерін орындау кезінде олардың лауазымды адамдарына;
- 2) Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың әскери қызметшілеріне, ұлттық қауіпсіздік органдарының, құқық қорғау органдарының қызметкерлері мен судьяларға;
- 3) сайлау комиссияларының мүшелеріне;
- 4) діни бірлестіктерге сайлау алдындағы үгітті жүргізуге, кез келген сайлау алдындағы үгіт материалдарын таратуға тыйым салынады (27-б. 4-т.).

Кандидаттар не олардың сенім білдірген адамдары болып тіркелген журналистердің, бұқаралық ақпарат құралдары редакциялары лауазымды адамдарының сайлауды бұқаралық ақпарат құралдары арқылы көрсетуге қатысуына құқығы жоқ (27-б. 6-т.).

Мемлекеттік органдардың лауазымды адамдары болып табылатын кандидаттарға өзінің лауазымдық немесе қызмет жағдайының артықшылықтарын пайдалануға тыйым салынады.

Сайлау туралы заңда мыналар:

- 1) бағынышты немесе басқа да қызмет жағынан тәуелді адамдарды, аталған адамдар кандидаттың сенім білдірген адамдары ретінде үгітті жүзеге асыратын жағдайларды қоспағанда, сайлау алдындағы үгіт жүргізуге тарту;
- 2) кандидаттың, партиялық тізім ұсынған саяси партияның сайлануына септігін тигізетін қызметті жүзеге асыру үшін мемлекеттік органдар орналасқан үй-жайларды пайдалану, егер өзге кандидаттарға, саяси партияларға аталған үй-жайларды осындай шарттармен пайдалануға кепілдік берілмесе, лауазымдық немесе қызмет жағдайының артықшылықтарын пайдалану деп ұғынылады (27-б. 5-т.).

Сайлау комиссияларының өтінімі бойынша жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару органдары кандидаттарға сайлаушылармен кездесуі үшін шарттық негізде үй-жай береді. Сайлау комиссиялары

бөлінген үй-жайда партиялық тізім ұсынған саяси партияның партиялық тізіміне енгізілген кандидаттардың, саяси партиялардың сенім білдірген адамдарының және мәслихат депутаттығына кандидаттың сенім білдірген адамдарының сайлаушылармен кездесуінің кестесін жасайды және оны бұқаралық ақпарат құралдарында жариялайды. Үй-жай беру шарты барлық кандидаттар мен саяси партиялар үшін бірдей болуға тиіс (28-б. 4-т.).

Тиісті сайлау комиссиялары партиялық тізімдер бойынша дауысқа түсетін кандидаттардан басқа кандидаттарға плакаттар, листовкалар, ұрандар мен өзге де үгіттік баспа материалдарын басып шығару үшін бірдей мөлшерде ақша бөледі. Барлық үгіттік баспа материалдарында сол материалдарды шығарған ұйым, олар басылған жері мен таралымы, тапсырыс жасаған тұлғалар, қандай қаражаттан төленгендігі туралы мәліметтер болуға тиіс. Үгіттік баспа материалдарын Қазақстан Республикасының аумағынан тысқары жерлерде дайындауға, анонимдік үгіт материалдарын таратуға тыйым салынады (28-т. 5-т.).

Жергілікті атқарушы органдар тиісті сайлау комиссияларымен бірлесіп барлық кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орын белгілейді және оларды стендтермен, тақталармен, тұғырлықтармен жарактандырады. Үгіттік баспа материалдары барлық кандидаттар үшін тең құқықтар қамтамасыз ететін жағдайда орналастырылады (28-б. 6-т.).

Сайлау комиссиясының үй-жайы мен дауыс беруге арналған үй-жайда Ортсайлауком белгілеген мәліметтердің стандартты жиынтығымен, бір нысанда партиялық тізімдерін ұсынған саяси партиялар, мәслихат депутаттығына кандидаттар туралы ақпарат орналастырылады (28-б. 6-т.).

Мәслихат депутаттығына кандидат, партиялық тізімін ұсынған саяси партия өзінің болашақ қызметінің сайлау алдындағы бағдарламасын баяндайды. Сайлау алдындағы бағдарламада Республиканың конституциялық құрылысын күштеп өзгерту, оның тұтастығын бұзу, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіру, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық араздықты қоздыру, қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа бас ұру, сондай-ақ заңдарда көзделмеген әскерилендірілген құралымдар құру идеялары уағыздалмауға тиіс.

Аталған талаптар бұзылған жағдайда тиісті сайлау комиссиясы кандидатты тіркеуден, саяси партияның партиялық тізімін тіркеуден бас тартуға, ал кандидат немесе саяси партия мұндай сайлау алдындағы бағдарламаны тіркелгеннен кейін ұсынған жағдайда кандидатты немесе партиялық тізімді тіркеу туралы шешімнің күшін жоюға құқылы (29-б.).

Саяси партиялар аталған талаптарды бұзған жағдайда, Ортсайлауком саяси партияны тіркеуден бас тарту не тіркеу күшін жою туралы шешім қабылдайды (89-бап).

Эфирден және баспасөзден орын беру төлемінің мөлшері, шарттары мен тәртібі туралы мәліметтерді тиісті телерадиохабарларын тарату ұйымы,

мерзімдік баспа басылымының редакциясы сайлаудың тағайындалғаны туралы шешім ресми жарияланғаннан кейінгі оныншы күннен кешіктірмей хабарлауға және жариялауға тиіс, сондай-ақ мәслихаттардың депутаттарын сайлау кезінде өзге де аумақтық, сондай-ақ округтік сайлау комиссияларына берілуге тиіс.

Сайлау комиссияларының үй-жайларынан және дауыс беруге арналған үй-жайлардан тыс жерлерде бұрыннан ілулі тұрған баспа үгіт материалдарын сол орындарында қалдыруға болады (32-б. 2-т.).

Сайлау күні дауыс берілетін үй-жайда немесе дауыс беру пунктінде қоғамдық пікірге сұрау салуға тыйым салынады (28-б.9-т.).

Дауыс беру тәртібі

Парламент Мәжілісі мен мәслихаттар депутаттарын сайлау жөніндегі дауыс беру сайлау күні жергілікті уақытпен сағат жетіден жиырмаға дейін өткізіледі. Аумақтық немесе округтік сайлау комиссиялары тиісті әкімнің, учаскелік сайлау комиссияларының ұсынысы бойынша дауыс беруді бастайтын және аяқтайтын басқа уақыт белгілеуге хақылы. Бұл орайда дауыс беруді сағат алтыдан ерте бастап, сағат жиырма екіден кеш аяқтауға болмайды. Дауыс беруді бастау және аяқтау уақытын өзгерту туралы аумақтық немесе округтік комиссиялардың шешімі дауыс беру күніне кем дегенде жеті күн қалғанда қабылданып, сайлаушыларға хабарлануға тиіс.

Парламент Мәжілісі депутаттары мен мәслихаттары депутаттарының қоса сайлауында Астана және Алматы қалаларының сайлау комиссияларына екі түрдегі сайлау бюллетеньдері жеткізіледі:

- 1) партиялық тізімдер бойынша сайланатын Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттарын сайлау жөніндегі дауыс беруге арналған сайлау бюллетені;
- 2) қалалық мәслихат депутаттарын сайлау жөніндегі дауыс беруге арналған сайлау бюллетені.

Облыстық, аудандық, қалалық, қаладағы аудандық аумақтық сайлау комиссияларына үш түрдегі бюллетеньдер жеткізіледі:

- 1) партиялық тізімдер бойынша сайланатын Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттарын сайлау жөніндегі дауыс беруге арналған сайлау бюллетені;
- 2) облыстық мәслихат депутатын сайлау жөніндегі дауыс беруге арналған сайлау бюллетені;
- 3) аудандық не қалалық мәслихат депутатын сайлау жөніндегі дауыс беруге арналған сайлау бюллетені.

Сайлау бюллетеньдері сайлау округіндегі сайлаушылардың жалпы санының 1 проценті резервімен сайлау округіндегі сайлаушылардың санына тең мөлшерде дайындалады.

Мәжіліс және мәслихаттар депутаттарын сайлау жөнінде дауыс беру

Партиялық тізімдер бойынша сайланатын Мәжіліс депутаттары мен мәслихаттардың депутаттарын сайлау жөнінде дауыс беруді учаскелік сайлау комиссиялары өткізеді.

Учаскелік сайлау комиссиялары ұсынған, партиялық тізімдер бойынша сайланатын Парламент Мәжілісі депутаттарын сайлау жөнінде дауыс беру хаттамаларын аумақтық сайлау комиссиялары сайлау күнінен бастап екі күннен аспайтын мерзімде Ортсайлаукомға жібереді.

Учаскелік сайлау комиссиясы мәслихаттардың депутаттарын сайлау жөніндегі дауыс беру нәтижелері бойынша дауыс беру хаттамасын жасайды, ол дереу округтік сайлау комиссиясына жіберіледі.

Мәслихат депутатын сайлау нәтижелері учаскелік сайлау комиссияларының хаттамалары негізінде округтік сайлау комиссиясының отырысында анықталады. Мәслихат депутаттары сайлауының нәтижелері туралы округтік комиссия төрағасы мен мүшелерінің қолы қойылып, сайлау өткізілген күннен бастап екі күннен аспайтын мерзімде тиісті аумақтық сайлау комиссиясына жіберілетін хаттама жасалады.

Қайта сайлау

Мәжіліс депутаттарын қайта сайлау бастапқы сайлаудан кейін екі ай мерзімнен кешіктірілмей немесе Ортсайлауком белгілейтін мерзімде өткізіледі. Қайта сайлау кезінде жүзеге асыру көзделген сайлау іс-шаралары Сайлау туралы заңда белгіленген тәртіппен өткізіледі. Бұл ретте сайлау іс-шараларының қысқартылған мерзімдерін Ортсайлауком айқындайды (96-б.).

Қайта сайлау бастапқы сайлаудан кейін екі ай мерзімнен кешіктірілмей өткізіледі. Қайта сайлауда жүзеге асыру көзделген сайлау шаралары Сайлау туралы заңда белгіленген ережелерге сәйкес жүргізіледі. Бұл ретте сайлау шараларының қысқартылған мерзімін аумақтық сайлау комиссиясы белгілейді.

Қайта сайлау өткізу туралы жергілікті ақпарат құралдарында хабарланады (110-б.).

Сайлау қорытындыларын анықтау және жариялау

Республиканы тұтас алғанда Мәжіліс депутаттары сайлауының қорытындыларын Ортсайлауком сайлау өткізілген күннен бастап жеті күн мерзім ішінде анықтайды (97-б. 1-т.).

Мәслихаттар депутаттары сайлауының қорытындыларын тиісті аумақтық сайлау комиссиялары сайлау өткізілген күннен бастап бес күн мерзімнен кешіктірмей анықтайды.

Дауыс беруге қатысқан сайлаушылар басқа кандидаттарға қарағанда көп дауыс берген кандидат мәслихаттың сайланған депутаты болып есептеледі (111-б. 1, 2-т.).

Мәслихаттар депутаттарын, сайлау қорытындылары туралы хабарды тиісті аумақтық және округтік сайлау комиссиялары сайлау өткізілген күннен бастап жеті күннен кешіктірмей жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялайды.

Тиісті аумақтық сайлау комиссиясының хабарламасында сайлаушылар тізімдеріне енгізілген және дауыс беруге қатысқан азаматтардың жалпы саны; әрбір кандидат үшін берілген дауыстар саны; сайлау учаскелері бойынша жарамсыз бюллетеньдер саны; мәслихаттар депутаттарының тегі, аты, әкесінің аты, туған жылы, атқаратын лауазымы (жұмысы), тұрғылықты жері, сондай-ақ кандидаттың қалауына қарай оның саяси партияға қатыстылығы, қай ұлтқа жататыны туралы мәліметтер көрсетіледі (44-баптың 4, 5-т.).

Депутаттарды тіркеу

Сайланған Мәжіліс депутаттарын Ортсайлауком тіркейді.

Егер сайлау барысында немесе дауыстарды санау не сайлау нәтижелерін анықтау кезінде Сайлау туралы заңды азаматтардың ерік білдіру нәтижелерін дұрыс анықтауға мүмкіндік бермейтін бұзушылық орын алса, Ортсайлауком тиісті аумақтық сайлау комиссиясының ұсынуы немесе азаматтардың өтініштері бойынша тиісті әкімшілік-аумақтық бөліністегі Мәжіліс депутаттарының сайлауын жарамсыз деп тануы мүмкін. Мұндай жағдайда Ортсайлауком тиісті әкімшілік-аумақтық бөліністе қайта дауыс беруді тағайындайды (95-б.).

Тиісті аумақтық сайлау комиссиясы округтік сайлау комиссияларының хаттамалары негізінде сайланған мәслихаттар депутаттарын тіркейді.

Тиісті аумақтық сайлау комиссиясы округтік сайлау комиссиясының ұсынысы немесе азаматтардың арыздары бойынша, егер сайлау барысында немесе дауыстарды санау не сайлау нәтижелерін анықтау кезінде Сайлау

туралы заңды бұзу орын алса, мәслихат депутаты сайлауын жарамсыз деп тануы және мәслихат депутатын тіркеуден бас тартуы мүмкін. Бұл орайда мәслихат депутаттығына кандидаттар аумақтық сайлау комиссиясының осы шешіміне оның қабылданған күнінен бастап он күн ішінде сотқа шағым бере алады, ол он күн ішінде шешім қабылдайды (112-б.).

Сайлау комиссиясының шешімдеріне шағым жасау

Егер Сайлау туралы заңда шағым жасаудың өзге мерзімдері белгіленбесе, сайлау комиссиясының шешімдері мен іс-әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шешім қабылданған немесе іс-әрекет (әрекетсіздік) жасалған күннен бастап он күннің ішінде жоғары тұрған сайлау комиссиясына немесе сотқа шағым жасалуы мүмкін. Көрсетілген мерзімдер өткеннен соң сайлау комиссиясының шешіміне немесе іс-әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) берілген өтініш қарауға жатпайды. Жоғары тұрған сайлау комиссиясына алдын ала жүгіну сотқа жүгінудің міндетті шарты болып табылмайды.

Өтініштер сайлау комиссиясы мен сотта бір мезгілде қаралған кезде, сайлау комиссиясы сот шешімі күшіне енгенге дейін өтінішті қарауды тоқтата тұрады. Сот түскен өтініш туралы және оны қарау нәтижелері бойынша сот шешімінің заңды күшіне енгені жөнінде сайлау комиссиясын хабардар етеді.

Сот сайлау комиссиясы шешімінің күшін жойған жағдайда, сот шешімінің негізінде мәселенің мәні бойынша жаңа шешімді – шешімінің күші жойылған сайлау комиссиясы немесе жоғары тұрған сайлау комиссиясы қабылдауға міндетті. Тиісті сайлау комиссиялары сот шешімін орындауға міндетті.

Азаматтар мен ұйымдардың сайлау заңнамасын бұзушылықтар туралы өтініштерін, егер Сайлау туралы заңда өзгеше көзделмесе, сайлау комиссиялары шағым түскен күннен бастап бес күннің ішінде қарайды.

Сайлау комиссиясының және оның мүшелерінің шешімдері мен іс-әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) жасалған шағымды, егер Сайлау туралы заңда өзгеше көзделмесе, жоғары тұрған комиссия шағым түскен күннен бастап үш күннің ішінде қарайды.

Кандидатты тіркеуден бас тартуға немесе тіркеу туралы шешімнің жойылуына қоғамдық бірлестік немесе кандидаттың өзі аумақтық сайлау комиссиясына немесе сотқа жеті күн мерзім ішінде шағым бере алады. Бұл ретте аумақтық сайлау комиссиясы немесе сот шағым берілген күннен бастап жеті күн мерзім ішінде шешім шығарады (104-б. 7-т.)

Қазақстан Республикасының сайлау туралы заңдарын бұзғаны үшін жауаптылық

Сайлау комиссиясының мүшесі:

- 1) дауыс беруге кедергі келтірген;
- 2) сайлау құралдарын қолдан жасаған;
- 3) дауыстарды көрінеу қате санаған;
- 4) сайлау нәтижелерін көрінеу қате айқындаған;
- 5) дауыс беру құпиясын бұзған;
- 6) кандидатты сайлау мақсатында өзінің лауазымдық немесе қызмет жағдайының артықшылықтарын пайдаланған жағдайда заңмен белгіленген қылмыстық жауаптылықта болады.

Сайлау комиссиясының мүшесі:

- 1) Сайлау туралы заңның талаптарына сәйкес мәліметтерді бермеген немесе жарияламаған;
- 2) азаматтардың сайлаушылар тізімімен танысу құқығын бұзған;
- 3) басқа адамдар үшін дауыс беру мақсатымен азаматтарға сайлау бюллетеньдерін берген;
- 4) сайлауда кандидаттардың, саяси партиялардың сенім білдірілген адамдарының, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері мен байқаушыларының заңды қызметіне кедергі келтірген жағдайда Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген әкімшілік және өзге де жауаптылықта болады¹.

***Қазақстан Республикасы
Орталық сайлау комиссиясы***

¹ Жаднамада «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының, «Республикалық және жергілікті бюджеттерді атқару ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 20 наурыздағы № 225 қаулысы, Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы қаулыларының ережелері пайдаланылды.

**ПАМЯТКА
ЧЛЕНУ ТЕРРИТОРИАЛЬНОЙ ИЗБИРАТЕЛЬНОЙ
КОМИССИИ ПО ВЫБОРАМ ДЕПУТАТОВ МАЖИЛИСА
ПАРЛАМЕНТА И МАСЛИХАТОВ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

В 2007 году состоятся выборы депутатов Мажилиса Парламента и маслихатов Республики Казахстан.

98 депутатов Мажилиса Парламента избираются на основе пропорциональной избирательной системы по партийным спискам.

9 депутатов Мажилиса Парламента избираются Ассамблеей народа Казахстана.

По одномандатным территориальным избирательным округам избираются депутаты областных, городских, районных маслихатов.

В соответствии со статьей 13 Конституционного закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан» (далее – Закон о выборах) территориальными избирательными комиссиями являются областные (городов республиканского значения и столицы Республики), районные, городские, районные в городе избирательные комиссии.

Территориальные избирательные комиссии обеспечивают организацию и проведение выборов депутатов Мажилиса Парламента и маслихатов.

Статус и полномочия территориальных избирательных комиссий определяются Законом о выборах.

Порядок формирования территориальных избирательных комиссий, требования к ее членам определяются в Главе 2 Общей части Закона о выборах.

Состав территориальных избирательных комиссий публикуется в средствах массовой информации не позднее чем через десять дней после назначения выборов (ст. 13 Закона о выборах).

Полномочия территориальной избирательной комиссии

Соответствующая территориальная избирательная комиссия:

- 1) осуществляет на территории административно-территориальной единицы контроль за исполнением законодательства о выборах;
- 2) обеспечивает подготовку и проведение выборов депутатов Мажилиса Парламента и маслихатов;

- 3) регистрирует доверенных лиц политических партий, выдвинувших партийные списки, выдает им соответствующие удостоверения;
